

«БЕКІТЕМІН»
Халықаралық Тараз инновациялық
институтының ректоры Ф.ғ.д.
профессор Е.Б.Саурықов
« 8 » _____ 2021



**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ**

Ұйымдастыру және кадр
жұмыстары бөлімі
КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС

Тараз

АЛҒЫ СӨЗ

1. Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығы

2. Әзірлеген:

3. Келісілді:

ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ

Орталықтың маманы Д.А. Ускенбаева

Бірінші проректор Абдуалы А.Б.
Ұйымдастыру және кадр жұмыстары бөлімі бастығы Сихаева Қ.М.
Әкімшілік-аппаратының заңгер-кеңесшісі Матжанов Е.

2. Халықаралық Тараз инновациялық институтының ректорының « 31 » « 08 2021 » № 96 бұйрығымен бекітілді және іске қосылды

Осы құжатты Халықаралық Тараз инновациялық институтының рұқсатынсыз толық немесе жартылай қайталауға, көбейтуге және таратуға болмайды.

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығының мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру тәртібін және қызметінің мазмұнын айқындайды.

1.2 Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығы Халықаралық Тараз инновациялық институтының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Толық атауы: Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығы

Қысқартылған атауы: ИББЖПҚКО

1.3 Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығы өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР Білім туралы Заңын, орындауға міндетті болып табылатын басқа да нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

2. Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығының негізгі мақсаты, функциялары

2.1 Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығының негізгі мақсаты:

- Білім беру процесінде студенттің жеке және кәсіби дамуын психологиялық қолдау мен ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттерді оқыту жағдайларын жақсарту, инклюзивті процестің барлық қатысушыларының кәсіби дайындығы мен жеке дамуындағы кедергісіз ортаны психологиялық-педагогикалық қолдау.

2.2 Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығының бағыттарға сәйкес функциялары:

2.2.1 Ұйымдастырушылық және нормативтік-құқықтық бағыты:

- Білім алушылардың жеке білім беру траекторияларын құру және жүзеге асыру үшін жағдай жасау;

- Инклюзивті білім беруді іске асыратын жоғары оқу орындарының желілік өзара іс-әрекетіне бастамашылық ету, ұйымдастыру және іске асыру;

- ХТИИ-та инклюзивті білім берудің тиімділігі мен сапасына мониторинг ұйымдастыру және жүргізу;

- Инклюзивті білім беру мәселесі бойынша жұмыс істейтін түрлі құрылымдармен (қоғамдық ұйымдармен, ата-аналар қауымдастықтарымен және т. б.) жұмыс байланыстарын орнату, тәжірибе және ақпарат алмасу;

- Қазақстан Республикасында және шетелде жоғары білім беру жүйесіне инклюзивті білім беруді енгізудің теориясы мен практикасы бойынша ақпаратты жинақтау, қорыту, жүйелеу және тарату;

- Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету мәселесі бойынша нормативтік, ғылыми, әдістемелік, диагностикалық материалдар мен әзірлемелер туралы ақпараттық дерекқорды құру және қолдау.

2.2.2 Әдістемелік бағыты:

- Инклюзивті білім берудің және психологиялық қолдау көрсету өзекті мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдарды, үлгілік оқу-бағдарламалық құжаттаманы, инклюзивті білім берудің өңірлік бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;

- Инклюзивті білім беруді қолдауға және дамытуға бағытталған өңірлік іс-шараларды әдістемелік сүйемелдеу;

- Жоғары білім беру жүйесіндегі толерантты мінез-құлық нормалары мен позитивті әлеуметтік ұстанымдарды, инклюзивті мәдениетті қалыптастыру процесін әдістемелік сүйемелдеу;

- Заманауи оқу-әдістемелік және педагогикалық әдебиеттер кітапханасын қалыптастыру;

- Мүдделі тұлғалар мен ұйымдарды тиісті статистикалық және ақпараттық материалдармен қамтамасыз ету.

2.2.3 Психологиялық-педагогикалық бағыты:

Орталықтың психологиялық-педагогикалық бағытына келесі жұмыс түрлері кіреді: психологиялық алдын алу жұмыстары, психодиагностика, психокоррекциялық жұмыс, психологиялық кеңес беру, психологиялық ағарту.

- Психологиялық диагностика (психодиагностика) – студент тұлғасының жеке-типологиялық және психологиялық сипаттамаларын зерттеу және соның негізінде студенттің кәсіби дайындық процесінде оның жеке басының кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру.

- Психологиялық кеңес беру – психолог пен студенттің арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас процесінде психологиялық көмек көрсету, оның барысында тұлғаның өзін-өзі тануына, өзін-өзі анықтауына және өзін-өзі жүзеге асыруына көмек көрсетіледі; тұлғаның мотивациялық-қажеттілік және құндылық-мағыналық саласын қалыптастыруда; барабар өзін-өзі бағалауды дамыту және жаңа өмір жағдайларына бейімделу, сондай-ақ жағымсыз эмоционалды жағдайларды жою мақсатында студенттерді өзін-өзі реттеу әдістеріне оқыту жүреді.

- Психологиялық тренингтер – психологиялық сипаттағы проблемаларды немесе қиындықтарды зерттеуге, мінез-құлықты түзетуге немесе денсаулықтың психологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған адамға топтық психотерапиялық және психокоррекциялық әсердің теориясы мен практикасы.

- Психологиялық ағарту – студенттерді психологиялық білімге баулу және олардың психологиялық мәдениетін қалыптастыру. Психологиялық ағартудың формалары: дәрістер, әңгімелер, семинарлар, түрлі көрмелер, шеберлік сыныптары, консультациялар, мамандармен кездесулер және т. б. Психологиялық алдын алу – студенттердің психикалық (психологиялық шамадан тыс жүктемелер, невротикалық жағдайлар) және жеке дамуындағы ықтимал ауытқулардың алдын алуға, осы даму үшін барынша қолайлы психологиялық жағдайлар жасауға бағытталған жұмыс.

- Психологиялық түзету (психокоррекция) – студенттің мінез-құлқы мен жеке дамуындағы ауытқуларды жою. Психологиялық түзету, әдетте, жұмыстың жеке және топтық формалары процесінде жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, осы жұмыстар ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді инклюзивті оқытуды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған және де педагогикалық ғылым жетістіктері негізінде ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер үшін оқу үдерісін жүзеге асыруды қолдау, белсенді әдістерді, оқытудың техникалық құралдарын және заманауи ақпараттық және арнайы білім беру әдіс тәсілдерін енгізу мен қашықтықтан білім беру жағдайында қолдауды қамтамасыз ету мақсатында бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды әзірлеуді үйлестіру.

2.2.4 Сараптамалық-консультациялық бағыты:

- Инклюзивті білім беру жүйесінде жұмыс істейтін мамандардың кәсіби қажеттіліктерін анықтау;

- ХТІИ-ның педагогтарға және басшы қызметкерлеріне, сондай-ақ инклюзивті білім алушылардың ата-аналарына және басқа да субъектілеріне консультация беру;

- Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді, ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу, тәжірибелік-эксперименттік және жобалық қызметті жүргізу.

2.2.5 Ақпараттық-ағарту бағыты:

- Ата-аналарға, педагогтарға ағарту іс-шараларын ұйымдастыру, олардың ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттерге толерантты көзқарасын қалыптастыру, оның ішінде сайттарда, әлеуметтік желілерде орналастыру арқылы тиісті мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастықты ұйымдастыру;

- Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталық қызметінің бағыттары бойынша (оның ішінде қашықтықтан) ғылыми және практикалық қызметкерлердің, қоғамдық бірлестіктердің қатысуымен әдістемелік семинарлар, тренингтер, мастер-кластар, көрмелер, ғылыми-әдістемелік және ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, конкурстар ұйымдастыру және өткізу.

3. Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығының міндеттері

Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығы қолданыстағы заңнамамен және институт жарғысымен қарастырылған іс-әрекеттерді жасауға құқылы:

- ХТІИ-ның инклюзивті білім беру жүйесіне қатысушыларды ұйымдастырушылық, әдістемелік, нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, сараптамалық-консультациялық және ақпараттық-ағартушылық қолдауды жүзеге асыру.

- Инклюзивті білім беру саласындағы білім беру қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету (ғылыми, ақпараттық, әдістемелік, дидактикалық,

консультациялық), инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге ХТИИ профессор-оқытушылар құрамын даярлауды және білім беру процесінің барлық қатысушыларын сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

- Инклюзивті білім беру ортасының компоненттерін және мазмұндық құрамын модельдеу, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студентті жалпы білім беру ортасына енгізу процестерін жеке оқытудың және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің практикаға бағытталған технологияларын әзірлеу.

- Бастамаларды қолдау, педагогикалық қызметке енгізу және әзірлеу тиімді қамтамасыз ететін ғылыми-әдістемелік өнім тәжірибесін инклюзивті білім беруді енгізу және жүзеге асыру оның барлық қатысушыларын сүйемелдеу.

- Инклюзивті білім беру саласындағы тиімді әдістемелер мен технологияларды, табысты практикаларды іске асыру тәжірибесін қорыту және тарату.

- Кәсіптік-педагогикалық және әлеуметтік идеяларды ілгерілету және инклюзивті білім беру практикаларын жүзеге асырудағы қоғамдастық білім беру.

- Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығының қызметі шеңберінде білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейлері мен түрлі мамандарының арасында үздіксіз ақпарат алмасуды ұйымдастыр және жүзеге асыру.

- Инклюзивті білім беру саласында ғылыми зерттулер жүргізудің бағыттарын айқындау және үйлестіру.

- Әлеуметтік қауымдастықта инклюзивті білім берудің мәнін, құндылықтарын, қағидаттарын танымал ету, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттерге оң көзқарас қалыптастыру.

- Студенттерге, профессорлық-оқытушылық құрамға, кураторларға, институт әкімшілігіне студенттердің толыққанды психологиялық жай-күйін қамтамасыз етумен, институтта қолайлы психологиялық ахуал туғызумен байланысты негізгі проблемаларды шешуде қажетті психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

4. Құрылымы

4.1 Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығының құрылымы инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығының функцияларымен анықталады және ректормен бекітіледі.

4.2 Орталықтың басшылық қызметіне ХТИИ ректорының бұйрығымен тағайындалады. Басшы болмаған кезеңде (демалыс, ауру, іссапар, бос жұмыс орны және т.б.) оның міндеттері институт ректорының бұйрығымен басқа қызметкерге жүктелуі мүмкін.

4.3 Орталықтың құрылымына өзгерістер институтта қолданылатын тәртіпке сәйкес енгізіледі.

4.4 Орталық қызметкерлері өз қызметін олармен жасалған еңбек шарттары негізінде жүзеге асырады.

5. Өзара әрекеттесу

5.1. Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету орталығы өзінің қызметін іске асыру мақсатында ХТІИ-ның басқа құрылымдық бөлімшелерімен және қызметкерлерімен өзара әрекеттесе алады.

5.2. Орталық басшылығының тиісті сенімхаты немесе тапсырмасы болған кезде орталық қызметкерлері бөгде органдармен және ұйымдармен қарым-қатынас жасай алады.

